

"Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы 21 қыркүйек 1994 ж. N 157-ХІІІ

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Z947000_ жарияланған күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан

Республикасының заң құжаттарын "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестендіру туралы ұсыныстар табыс ететін болсын;

- Қазақстан Республикасының көлік кодекстерін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Заңға сәйкестендірсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы